

УДК 341

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ӘЙЕЛ ҚАУЫМЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ

Ақмухамет Аружан

aruzhan_14_2000@mail.ru

Л.Н Гумилев атындағы ЕҰУ заң факультеті
Халықаралық құқық кафедрасының 2-курс студенті
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші - Карабаев Ф.Ж.

Аннотация: Бұл мақалада Халықаралық Гуманитарлық Құқықтағы әйел қауымының құқықтарын қорғау жөнінде барлық сұрақтарды қарап шықтым. Олардың міндеттері мен белгілерін жазып қана қоймай, қарулы қақтығыс кезінде сарбаздардан жапа шеккендігін де айқын көрсеттім. Қазіргі таңдада әйел қауымының, әсіресе жасөспірім қыз баласының ер-азаматтардың кесірінен зардап шегуі өзекті проблемалардың бірі болып табылады.

Аннотация: В этой статье рассмотрела все вопросы о защите прав женщин в международном гуманитарном праве. Я не только записала их обязанности и ответственность, но и дала понять, что они пострадали от рук солдат во время вооруженного конфликта. Одна из самых актуальных проблем сегодня – это страдания женщин, особенно девочек-подростков, от мужчин.

Abstract: This article addressed all issues of protecting women's rights in international humanitarian law. I not only recorded their duties and responsibilities, but also made it clear that they had suffered at the hands of soldiers during the armed conflict. One of the most pressing problems today is the suffering of women, especially teenage girls, from men.

1945 жылдан бастап әйелдердің құқықтарын қорғауға арналған халықаралық құжаттардың қабылданған тізімі өзінің жігерлігімен таң қалдырады. Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 1 бабының 3 тармағында Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсаттарының бірі "экономикалық, әлеуметтік, мәдени немесе гуманитарлық сипаттағы халықаралық мәселелерді шешудегі халықаралық ынтымақтастыққа қол жеткізу және оның нәсіліне, жынысына, ұлтына және діни нанымына қарамастан адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын көтермелеу және құрметтеу" болып табылады. Соңғы онжылдықта қарулы қақтығыстар миллиондаған адамдардың өмірін қиды. Белгілі бір жағдайларда, бұл бұзушылықтардың кейбірі тіпті геноцид актілері, әскери қылмыстар немесе адамзатқа қарсы

қылмыстар ретінде саралауға болады. Қарулы қақтығыстар кезінде әйелдерге әсіресе ауыр тиді. Қақтығыс басталғаннан бері олар әртүрлі физикалық және психологиялық зорлық-зомбылыққа душар болды. Мысалы: кісі өлтіру, балалары мен күйеулерінен айырылуы, азаптау, қамауға алу, жер аудару. Әрине, халықаралық гуманитарлық құқық нормалары толық сақталған жағдайда әйелдердің жағдайын жеңілдетуге болар еді. Көбінесе әйелдерге қарсы зорлық-зомбылық қарулы қақтығыстарда жауға қарсы күресте қару ретінде жиі қолданылды.

Әйел адамзаты былай алып қарайтын болсақ, бүкіл әлемдегі көптеген қарулы қақтығыстарға белсенді қатыса отырып, адамзат тарихының барлық кезеңінде соғыс уақытында белгілі бір рөл атқарды. Дәл атап айтқанда Екінші Дүниежүзілік соғыс олардың рөлін, ерекше атап көрсеткен болды. Соның ішінде германдық және британдық Қарулы Күштердің қатарында және қосалқы қызметтерінде атқарған жұмыстары орасан зор.

КСРО кезіндегі әйелдер барлық қызметтер мен бөлімшелердің жеке құрамының мүшелері ретінде қарулы қақтығыстарға тікелей қатысты. Бұл қарулы күштердің жалпы санының 8% құрады. Уақыт өте келе олардың лауазымы жоғарылай бастады. Соғыс немесе қосалқы функцияларды орындай отырып, ерікті немесе мәжбүрлі түрде қызмет етті. Атап өтсек, АҚШ-тың Қарулы Күштерінде әскери қызметшілер арасындағы әйелдердің үлесі орта есеппен 14% - ды құрады, сонымен қатар әскери қызметшілері арасында 1990 және 1991 жылдары Парсы шығанағындағы операцияларға қатысқан әйелдердің саны 40 мыңға жетті. Көптеген азаттық және партизандық соғыстарда әйелдер Қарулы күштерде де, көмекші функцияларды орындау кезінде де маңызды рөл атқарды. Никарагуада әйелдер Сандинистік әскер санының 30% құрады, және де командирлер арасында, оның ішінде батальон деңгейінде қызмет атқарғандардың саны көп болды. Сальвадор қаласында Фарабундо Марти атындағы Ұлттық азат ету майданының жауынгерлері арасында әйелдердің үлесі 25% - ға дейін жетті.

Әйелдердің кейде террористік өлім тапсырмаларын орындау барысында, олардың қақтығыстарға белсенді қатысуға дайын екендігі байқалды. Әйелдердің осындай қақтығыстарға аз қатысуының арқасында, олар өздерінің көздеген мақсаттарына тез қол жеткізе алады.

Көптеген себептер бойынша әскер тобы әйелдерге жау лагеріне енуімен және қастандықпен байланысты тапсырмаларды тапсыруды жөн көреді. Біріншіден, әйелдер аз күдік тудырады. Екіншіден, әйел адамды рұқсатсыз тінтуге болмайды. Үшіншіден, әйелдер жүктілік жағдайын сылтауратып, киім астында жарылғыш құрылғыларын киіп жүре алады.

Өлтіруді үйренген әйелдер дәстүрлі әйел түсінігінің шеңберін бұзады, және ер адамға қарағанда қарағанда әлдеқайда ақылды болып саналады.

Әйелдер қауымы азаматтық қоғамның бір бөлігі болып табылуы, жақындарына қамқорлық жасауы және тек балаларды тәрбиелейді деген ой қате болар еді. Мысал ретінде Руандыда өткен оқиғада геноцид уақытында түршігерлік актілердің тікелей қатысушылары мен орындаушылары әйел қауымы болған. Әйелдер әскери қақтығыс кезінде ерлер қауымын белсенді түрде қолдайды. Қару-жарақты әрдайым қолданбасада, ерлерге олардың жауынгерлік рухын сақтай отырып, моральдық және физикалық тұрғыдан оларды зорлық-зомбылыққа қарсылыққа итермелейді.

Әйелдер комбатанттарға керекті қан беруімен қатар, тамақтандырып оларға қамқорлық көрсетеді. Сонымен қоса әскери ақпаратты жеткізумен қатар, барлаушы рөлін атқарады.

Атап айтқанда, қарулы күштердің қатарында жүрген әйелдер қауымының қауіпті жағдайға тап болғандары да аз емес. Бұл ретте олардың қатысу фактісі әскери топтың қатарына жатқызып қарастырса, олардың қатысуы жасырын, өйткені оларды жыныстық қызмет көрсету, тамақ дайындау және лагерьді жинау үшін ұрлап әкелген. Әскери қызметшілер арасында ұзақ уақыт мәжбүрлеп ұстаған соң, өздері қызмет жасап жүрген топтың сарбаздарының шабуылына ұшырауы мүмкін. Бұл мәселе бойынша ірі ауқымды мәжбүрлеп ұстаудың ең танымал мысалы ретінде Қиыр Шығыстағы Екінші Дүниежүзілік соғыс кезіндегі "қызмет көрсетуші әйелдер" болып табылады. Бұл термин тіпті азап шеккен

әйелдердің азап дәрежесін атап жеткізбейді. Соңғы жылдары басқа елдің қарулы топтары әйелдер мен қыздарды ұрлап әкеткен болатын.

Кейбір елдер мен мәдениеттерде әйелдердің қарулы жанжалдарға немесе қосалқы бөлімшелердің қызметшілері ретінде ерікті және мәжбүрлі түрде қатысуының мысалдарына қарамастан, Қарулы Күштер қатарында әскери функцияларды орындауға мүмкіндік бермейді. Соғыстың әсерін әйелдер қауымы ең алдымен азаматтық халықтың бір бөлігі ретінде қабылдайды.

Соғысушы мемлекеттердің аумағында немесе оларды басып алған аумақтағы әйелдердің құқықтық мәртебесіне келер болсақ, олармен қарым-қатынастың ізгілігі туралы жалпы талаптардан басқа, олардың ар-ожданына, атап айтқанда зорлаудан, жезөкшелікке мәжбүрлеуден, олардың имандылығына қастандық жасаудың кез келген басқа түрлерінен қорғалуы керек (27-бап).

Соғыс уақытында азаматтық тұлғаларды қорғау туралы конвенцияның арнайы бөлімінде тұтқындалған адамдарды ұстау ережелері қарастырылған. Яғни, осы аймақты иеленген билік өзінің тұрақты тұрғылықты жерінен шығарылған адамдар болып есептеледі. Бұл бөлімде әйелдер мен қыздарды қорғауға бағытталған нормалардың тұтас жиынтығы көзделген.

Әйелдер ерекше құрметке ие екендігі, сонымен қатар зорлау, мәжбүрлеп, жезөкшеліктен және қол сұғушылықтың басқа да түрлерінен қорғалатындығын жариялады. 1 Хаттамаға Сәйкес қарулы қақтығыс себептерімен қамауға алынған, ұсталған немесе тұтқындалған жүкті әйелдер мен жас балалардың аналарының істері бірінші кезекте қаралады. Мұндай әйелдерге қатысты, әдетте өлім жазасы қарастырылмайды. (76-бап). Осылайша, халықаралық гуманитарлық құқық бейбіт тұрғындар болып табылатын әйелдерге де, соғыс қимылдарына белсенді қатысатын әйелдерге де "жалпы" және "ерекше" қорғауды ұсынды деген қорытынды жасауға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Дитрих Шиндлер. Халықаралық Қызыл Крест және Адам Құқықтары Комитеті.
2. 1949 жылғы 12 тамыздағы Женева конвенциялары және оған қосымша хаттамалар
3. Лукашук И. Халықаралық құқық.
4. Таңқурай С. Конвенция және әйелдер мен балалардың құқықтары туралы декларация.
5. Гассар Х.П. Халықаралық гуманитарлық құқық.